

ЗА СЕМЬ МЕСЯЦЕВ 2024 ГОДА ПО ДВУМ МЕЖДУНАРОДНЫМ СТЫКАМ ДОСТЫК – АЛАШАНЬКОУ И АЛТЫНКОЛЬ – ХОРГОС НАБЛЮДАЕТСЯ ДИНАМИЧЕСКИЙ РОСТ ГРУЗОБОРОТА МЕЖДУ СТРАНАМИ. ОБЩИЙ ОБОРОТ ПО ДВУМ СТЫКАМ СОСТАВЛЯЕТ 18 344 975 ТОНН, УВЕЛИЧЕНИЕ – НА 13% К ПРОШЛОМУ ГОДУ.

Нурым ЖАНИЯЗОВ,
директор филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» –
«Алматынское отделение ГП»



№72 (3002)
23/08/2024

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

ӨНДІРІСКЕ – ЖАҢА ТЕПЛОВОЗДАР

«Локомотив құрастыру зауыты» АҚ-да жиналған ТЭМ-11А 0015 және ТЭМ-11А 0016 сериялы заманауи маневрлік тепловоздар пайдалануға берілді. Астана, Жаңа-Есіл және Жезқазған локомотив деполарының паркі су жаңа техникамен толығып, жуырда 18 маневрлік тепловоз ел өңірлеріне жол тартты.

Ислам ТАЛҒАТ,
Астана

Жезқазған локомотив айналым депосының бастығы Жұмағали Жұмадилдинұлының айтуынша, қуаты 1100 кВт құрайтын, асинхронды тартқыш жетекті маневрлік тепловозды бұл өңір бұрын-соңды көрмеген. Сондықтан заманауи техниканы қолмен ұстап, көзбен көріп тамашалған жезқазғандық локомотившілердің қуанышы көл-көсір.

– Ұлытау облысы ашылғалы бері оның орталығы Жезқазғанда инфрақұрылымды жаңарту және жаңғырту бойынша ауқымды жұмыстар қарқын алды. Қаншама ғимараттар мен нысандар салынууда. Өл-

бетте, бұл жүк тасымалының өсуіне, соның ішінде коммерциялық жүктердің көптеп келуіне әсер етіп отыр. Осыған орай ҚТЖ бізге Қазақстанда жасалған, яғни астаналық локомотив құрастыру зауытының өнімі – екі маневрлік тепловозды тарту етті. Оны бұрынғы кеңестік ауыр техникалармен мүлдем салыстыруға келмейді. Тепловоздың толық қуаты 1100 кВт, яғни 1400 аттың күші бар бұл тепловоздармен вагондарды құрастыру, коммерциялық жүктерді тарату сияқты жұмыстар еркін, жеңіл атқарылады. Сондай-ақ бұл тепловоздар 30 вагонның тежегіш құбырын ауа қысымымен екі-ақ минутта толтырады, ал ескі тепловоздар бұл процесті 20



минут жұмсайтын. Демек, он есе шапшаң, – дейді айналым депосының бастығы. ТЭМ-11А – General Electric Transportation лицензиясы бойынша Локомотив құрастыру зауытында 2022 жылдан бері шығарып келе жатқан сериялық асинхронды тартқыш жетекті маневрлік тепловоз. Маневрлік және шаруашылық жұмыстарға арналған заманауи техниканың қызмет

мерзімі 40 жылды құрайды. Машинистер кабинасы бортық компьютермен және ауа баптау жүйесімен, сондай-ақ ас-ауқат жылытуға арналған электр плитасымен, тоңазытқышпен жабдықталған. Жалпы, Қазақстан темір жолы жылжымалы құрам паркін жоспарлы түрде жаңартып келеді. 2023 жылы локомотив құрастыру зауытынан ҚТЖ-ға ең ірі көлем – 112 локомотив жеткізілген болатын.

Биыл 2024 жылдың соңына дейін локомотив паркі осы сериялы 21 маневрлік тепловозбен толықтырылады. Ал 2029 жылға дейін 359 локомотив сатып алынады деп көзделуде. Бұдан басқа ҚТЖ-ның қытайлық «CRRC Corporation Limited» корпорациясымен ынтымақтастық туралы келісімі шеңберінде 100 маневрлік және 100 магистральдық локомотив сатып алынбақ.

ДИНАМИКА – ПОЛОЖИТЕЛЬНАЯ

Объем железнодорожных перевозок между Казахстаном и Китаем за семь месяцев 2024 года составил более 18,3 миллиона тонн. Этот показатель увеличился на 12,6% по сравнению с аналогичным периодом прошлого года.

С каждым годом Казахстан приближается к цели – стать одним из ведущих игроков на международной транспортно-логистической арене. Важную работу в данном направлении ведет и АО «КТЖ». Одним из основных направлений развития железнодорожных перевозок является Китай.

С начала года между Казахстаном и Китаем перевезено свыше 18 миллионов тонн грузов.

Экспорт вырос на 1,2 миллиона тонн, или 18,1% (более восьми миллионов тонн). Увеличился транзит на 11,2% и составил 8,5 миллиона тонн.

Перевозка в контейнерах между Казахстаном и Китаем выросла на 10,5% и составила свыше 980 тысяч ДФЭ. В том числе экспорт на 12,6%, до 362 тысяч ДФЭ. В международном сообщении в этом направлении перевезено свыше 1,1 миллиона ДФЭ.

Сегодня грузы обрабатывают на железнодорожных переходах казахстанско-китайской границы Достык – Алашанькоу и Алтынколь – Хоргос общей мощностью перевозок 28 миллионов тонн в год.

Айлин БАУРЖАН

Үкімет ЖЫЛУ БЕРУ МАУСЫМЫНА ДАЙЫНДЫҚ

Осы аптада Үкімет отырысында алдағы жылу беру маусымына дайындық барысы қаралды. ҚР Көлік министрі Марат Қарабаев негізгі көмір тиеу станцияларына тартылған 103 км жуық теміржол жөндеуден өткенін жеткізді.

Райхан РАХМЕТОВА,
Астана

Атап айтқанда, көмірді жеткізу кезінде пойыздар қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін жалпы ұзындығы 102,7 шақырымды құрайтын негізгі көмір тиеу станциялары Қызылжар, Дегелең, Үшқұлын, Нұра және Екібастұзға апаратын жолдарда жөндеу жұмыстары жүргізілген. Жылу беру маусымына дайындық аясында көмірді уақытлы тиеуді қамтамасыз ету үшін мүдделі мемлекеттік органдармен және ұйымдармен бірлесіп тиісті шаралар атқарылып жатыр. Көмірді жоғары жылдамдықпен – тәулігіне 700 км-ге дейін жеткізуді қамтамасыз ететін тасымалдауды бағдарлау жүйесі әзірленген. Қараша-желтоқсанда жүктемені азайту үшін әкімдіктермен бірлесіп, жаз айларында көмір қорын арттыру жұмыстары жүргізілуде.

Сонымен қатар көмірмен қамтамасыз ету мәселелеріне жедел ден қою және шешу үшін тұрақты штаб жұмыс істейді.

Коммуналдық-тұрмыстық секторды 3 айда көмірмен қамтамасыз ету жөніндегі жоспар 108%-ға орындалған. 1 мамырдан бастап 15 тасымалдауға дейін теміржол көлігімен 17 млн тонна көмір тасымалданып, оның 1 млн тоннасы коммуналдық-тұрмыстық секторға, 16 млн тонна энергетикалық кәсіпорындарға жеткізілген. Жыл сайынғы деректерге сәйкес республика ішіндегі көмір тасымалының жалпы қажеттілігі 70 млн тоннадан асады. Орташа ай сайынғы көмір тиеу көлемі – 5,5 млн тонна.

«Бүгінгі күні энергетикалық кәсіпорындардағы көмір қорының көлемі 3,7 млн тоннаға тең. Коммуналдық-тұрмыстық секторды қамтамасыз етуге ерекше көңіл бөлінуде. Жылу беру маусымының 3 айында нақты

тасымалдау көрсеткіштері жоспарға 108% құрады», – деді көлік министрі Марат Қарабаев.

2024 жылы көмір тасымалының жылжымалы құрамы 185 локомотивпен жаңартылды. Қазіргі уақытта тасымалдауға 20 мыңнан астам ашық вагон тартылған, оның ішінде 11 мыңы коммуналдық-тұрмыстық көмірді тасымалдауға, 9 мыңы энергетика саласына арналған. Сонымен қатар 3 мыңға дейін жеке операторлардың вагондарын пайдалану мүмкіндігі бар.

«Ұлттық оператор локомотивтерінің жалпы саны 1 мың 807 бірлікті құрайды. Жылжымалы құрамның жұмысқа қабілеттілігін қамтамасыз ету мақсатында тұрақты түрде жаңарту жұмыстары жүргізілуде, биыл 185 локомотив сатып алынды. Жалпы жұмылдырылған жылжымалы құрам қажетті көлемді тасымалдауды толық қамтамасыз етеді», – деп атап өтті Марат Қарабаев.

Жылу беру маусымына дайындық барысы бойынша Премьер-министр бірқатар тапсырмалар берді: Көлік министрлігі, Қазақстан темір жолы компаниясы және өңір әкімдіктері бекітілген кестеге сәйкес коммуналдық-тұрмыстық көмір мен мазут көлемін уақытлы жеткізу бойынша шаралар қабылдауы тиіс.

о стратегическом партнерстве с Абу Дабби Порт, одним из направлений которого является автоматизация технологических процессов работы пунктов пропуска в соответствии со стандартами Международной морской организации, – проинформировал представитель Министерства транспорта РК.

Он добавил, что ведомство обеспечит полный контроль в цифровом режиме за движением судов по всему казахстанскому сектору Каспийского моря. На сегодняшний день для обеспечения безопасности судоходства установлена навигационная система управления движением судов в порту Баутино. В этом месяце система введена также в порту Курык, в 2025-м она будет установлена и в порту Актау.

Сообщалось на конференции также о планах по созданию мультимодального транзитного коридора Россия – Казахстан – Китай с использованием трансграничной реки Иртыш и строительству семи новых казахстанских морских судов – трех танкеров, двух паромов и двух контейнеровозов.

БИЛЕТ БАҒАСЫ ҚЫМБАТТАДЫ

Елімізде пойызға билет қымбаттап отыр. ҚР Көлік министрлігінің келісімі бойынша теміржол жолаушылар тасымалының тарифтері 20%-ға көтеріледі. Жаңа тариф ағымдағы жылдың 1 қазанынан күшіне енеді.



Әлеуметтік маңызы бар бағыттар бойынша жолаушыларды тасымалдау бағасын, яғни тарифтерді көтеру ҚР «Теміржол көлігі туралы» заңның 12-бабына сәйкес жүзеге асырылуда. Елімізде 140 бағдар бойынша жолаушы пойызы қатынайтын болса, жол жүру ақысының қымбаттауы 62 бағдарға әсер етпек. Бірақ салқындатқыш жүйесі жоқ вагондарда 20%-ға дейін жеңілдіктің болатынын да ескерген жөн.

– Жол ақысын көтеру туралы шешім макроэкономикалық жағдайға байланысты. Инфляция қарқыны, оның ішінде жолаушыларды тасымалдау құнын құрайтын тауарлар мен қызметтер бағасының өсуі субсидиялар мен тарифтердің өсу қарқынынан айтарлықтай асып түсіп отыр. Сонымен қатар вагон паркін жаңарту қажет, көрсетілетін қызметтер сервисін жақсартып, қызметкерлердің жалақысын арттыру керек. Оның үстіне соңғы 10 жылда әлеуметтік маңызы бар бағыттар бойынша инфляция деңгейіне индексацияны қоспағанда, жолаушыларды тасымалдау бағасының өсуі байқалмағанын ескеру қажет, – дейді «Жолаушылар тасымалы» АҚ өкілі Нариман Дүйсекеев.

Жолаушылар вагон паркіне келсек, қазір еліміз бойынша қатынап жүрген 2667 вагонның шынында 44%-ның тозығы жеткен. Сондықтан жекеменшік тасымалдаушылардың да, ұлттық тасымалдаушының да күн тәртібіндегі басты мәселесі – вагон паркін жаңарту болып отыр. Және бұл бағытта қозғалыстың бар екенін де айта кету керек. Мәселен, нақты деректерге сүйенсек, 2023 жылы 118 вагон, ал 2024 жылы 140 жолаушылар вагоны сатып алынған. Алдағы 2025 жылдан бастап жыл сайын 200 бірліктен астам вагон сатып алу жоспарға енгізілген.

Нұрбек БЕКЕН

ТЕМІРЖОЛДА КЕЛЕҢСІЗ ОҚИҒАЛАРДЫҢ АЛДЫН АЛУ МЕН ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ ЖҰМЫС ЖҮРГІЗУДІҢ НЕГІЗГІ ЖОСПАРЫ БЕКІТІЛГЕН. СОНЫҢ АЯСЫНДА ӨҢІР ТЕМІРЖОЛШЫЛАРЫ ЖЕЛІЛІК ІШКІ ІСТЕР БӨЛІМІНІҢ ӨКІЛДЕРІМЕН БІРЛЕСЕ ОТЫРЫП, АЙ САЙЫН ТЕМІРЖОЛ МАҢЫНДАҒЫ КЕЛЕҢСІЗ ОҚИҒАЛАРДЫҢ АЛДЫН АЛУ МАҚСАТЫНДА АРНАЙЫ ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ ШАРАЛАР ҰЙЫМДАСТЫРЫП ТҰРАДЫ. ЖЫЛ БАСЫНАН БЕРІ 188 РЕЙДТІК ТЕКСЕРІС ӨТІП, 92 ҚҰҚЫҚ БҰЗУ ФАКТІСІ ТІРКЕЛДІ

ЦИФРЫ ГОВОРЯТ:

ПОЧТИ
17 тыс.

ПАССАЖИРОВ ВОСПОЛЬЗОВАЛИСЬ УСЛУГОЙ ИНТЕРМОДАЛЬНЫХ ПЕРЕВОЗОК.

ОБЪЕМ ПЕРЕВОЗОК ГРУЗОВ ПО ТМТМ ЗА СЕМЬ МЕСЯЦЕВ 2024 ГОДА СОСТАВИЛ

2,5 млн тонн.

В ТЕКУЩЕМ ГОДУ НА ОТДАЛЕННЫХ СТАНЦИЯХ И РАЗЪЕЗДАХ ПЛАНИРУЕТСЯ УСТАНОВИТЬ

202 модульных здания.

РОСТ И ШИРОКИЕ ПЕРСПЕКТИВЫ

Объемы грузоперевозок по Транскаспийскому международному транспортному маршруту с начала 2024 года выросли на 63% и достигли 2,5 миллиона тонн.

Любовь РОВБА,
Астана

Об этом на пресс-конференции в Астане сообщил заместитель председателя Комитета железнодорожного и водного транспорта МТ РК Касым Тлепов.

Количество транзитных грузов из КНР через казахстанские порты в Европу за семь месяцев выросло более чем в 14 раз.

– Наравне с экспортом и транзитом отмечается рост на 50% и импортного грузопотока, что в свою очередь показывает заинтересованность европейских компаний в маршруте ТМТМ, – отметил он.

Спикер подчеркнул, что во многом этому способствовали принятые за последние годы комплексные меры по развитию ТМТМ, в том числе по упрощению таможенных процедур. В 2024 году

ратифицированы два соглашения с китайской стороной, открыт казахстанский терминал в Сиане. Для увеличения в пять раз транспортировки грузов в транскаспийском направлении принят Комплексный план развития морской инфраструктуры до 2028 года, который предусматривает создание дополнительных контейнерных терминальных мощностей в порту Актау, четырех новых терминалов в порту Курык, дноуглубление акватории морских портов.

– Кроме того, Комплексный план предусматривает развитие логистики, смежных отраслей, упрощение таможенных и административных процедур, а также цифровизацию коридоров ТМТМ и Север – Юг, – проинформировал Касым Тлепов. – Ожидается увеличение пропускной способности

перевалки контейнеров в три раза, транзитных грузоперевозок – в два раза, снижение времени обработки судов и оформления грузов в портах в 1,5 раза.

По итогам 2024 года через порты Актау и Курык планируется перевалить порядка восьми миллионов тонн грузов, в том числе по ТМТМ – 4,2 миллиона тонн.

Говоря о мерах по цифровизации, спикер сообщил, что для автоматизации процесса выдачи транзитных деклараций на границе с Китаем внедрена система Tez Customs, благодаря чему срок их оформления сократился с 2-3 часов до 30 минут.

С целью цифровизации маршрута ТМТМ разработана платформа Digital Trade Corridor.

– Для цифровизации коридора Север – Юг «Казакстан темір жолы» заключено соглашение

№72 (3002) 23/08/2024

МҰНЫ ӘРКІМ
БІЛУГЕ ТИІСИслам ТАЛФАТ,
Астана

СЕМИНАР

Магистральдық желі дирекциясының 100 қызметкері алғашқы медициналық көмек көрсету бойынша тереңдетілген оқудан өтті. Бұл іс-шара «2024 жыл – Еңбек қауіпсіздігі және технологиялық үдерісті сақтау жылы» аясында адам өмірін сақтап қалу және төтенше жағдайларда асқинулардың алдын алуға бағытталып отыр.

Семинар-тренингтің мақсаты – қауіпсіздік техникасы бойынша өндірісте, сондай-ақ күнделікті өмірде жарақат алған жағдайда зардап шеккендерге алғашқы медициналық көмек көрсету дағдыларына үйрету. 15-16 тамызда «КТЖ» ҰК» АҚ филиалы – Астана қаласындағы Теміржол көлігі персоналды бағалау және дамыту орталығы базасында кестеге сәйкес алғашқы 20 қызметкер оқытылды. Семинарда оларға адамның өмірін сақтап қалуға бағытталған нақты іс-әрекеттер көрсетілді, яғни мұнда жапа шегушінің жағдайын бағалау, оның алған жарақатының сипаты мен ауырлығын анықтау, ағзаға зиянды әсер ететін факторларды жою, содан кейін ғана құтқаруға қатысты әрекеттерге көшу жолдары үйретілді.



Тренинг аяқталғаннан кейін қатысушыларға бүкіл әлемде танылған және екі жыл бойы жарамды EFAC (European First Aid Certificate) халықаралық нөмірленген сертификаттары берілді. Арнайы оқытылып, сертифицирталған қызметкерлер өндірістік кәсіпорындарда, мейлі басқа жерлерде болсын төтенше жағдайда алғашқы медициналық көмек көрсетіп, жинақталған тәжірибесін тарата алады.

Есіңізде болсын, алғашқы көмекті медициналық көмек деп қабылдамаған жөн, ол дәрігерлер келгенге дейін немесе зардап шегушіні ауруханаға жеткізгенге дейін көрсетілетін көмек. Алғашқы көмекті қиын сәтте зардап шегушінің жанында болған кез келген адам көрсете алады. Алғашқы көмек көрсету бір қарағанда қарапайым болып көрінер, бірақ шын мәнінде өте маңызды дағды және мұны әркім білуге тиіс.

Суретті түсірген автор

ШҰҒЫЛ ТЕЖЕУ
КӨБЕЙГЕНҰлан ОРАЗ,
Астана

ҚАУІПСІЗДІК

Теміржолда машинистер жолдағы адам немесе малды қағып кетпеу үшін биылғы жылғы алты айда 4,6 мыңнан астам шұғыл тежеу беріп, пойызды тоқтатуға мәжбүр болған.

Бір айта кетерлігі, сол шұғыл тежеудің 80% астамы жағдайында локомотив бригадаларының кәсіби әрекеттерінің арқасында мал мен адам басудың алдын алу мүмкін болды. Шұғыл тежеудің көп бөлігі малдың жолға шығуымен байланысты. Дегенмен теміржолшылар өткелдерде жол қозғалысы ережелерін бұзуға бейілді көлік жүргізушілері де көп екенін айтады. Осы жылдың бірінші жартыжылдығында теміржол өткелдерінде машинистер 59 рет құрамды мәжбүрлі түрде тоқтатып, соның ішінде 43 жағдайда автокөлікпен қақтығысудың алдын алған.

НЕГІЗГІ ЖҮК – КӨМІР ТАСЫМАЛЫ



ӘЛЕУМЕТТІК ЖҮК

Қуаныш ҚОЖАЕВ,
Семей

Жалпы, Семей ЖТ бөлімшесі бойынша жүк тасымалының негізгі басым бөлігін көмір жеткізу құрайды. Жүктің бұл түрін тиеу мен түсірудегі жұмыстар тіпті жазғы мезгілдің өзінде күн тәртібінен түскен емес. Биылғы жылғы жоспарлы шаралар пысықталып, отын тасымалындағы нақты көлем межелеген. Қазіргі уақытта жергілікті операторлар мен «Қаражыра» АҚ басшылығымен кеңесулер өткізіліп, көмірді уақытында жеткізу мәселесі жиі талқылануда.

Анықталған жайт, бір ғана Абай облысының көмірге деген жалпы қажеттілігі 1 млн 248 мың тонна кұрайды. Оның ішінде: жылу көздері үшін 595 мың, жеке сектор үшін 567 мың,

әлеуметтік нысандар үшін 85 мың тонна. Қатты отын облыс көлеміндегі теміржол түйіқтары арқылы босатылатын болады. Қазіргі таңда облыс бойынша 44 қазандық, 330 дербес қазандық бар. Олардың барлығына көмір жеткізілуде.

Сонымен қатар атқарушы билік өкілдері Семей ЖТ бөлімшесі басшылығымен бірлесіп теміржол түйіқтарына тексерулер жүргізуде. Қазіргі уақытта барлық қоймалар жылтыту маусымына толығымен дайын. Әрқайсысына күн сайын 5 вагон көмір жеткізілуде. Бұл көлемді жылтыту маусымы қарсаңында тәулігіне 9 вагонға дейін арттыруға мүмкіндік бар. Тасымалдау 1 шілдеден басталған болатын.

Ең бастысы, тұрғындар қыр-қүйек-қазан айларында көмірдің жетіспеушілігін болдырмау үшін көмірді алдын ала сатып ала



алады. Қазіргі күні теміржол түйіқтарындағы көмірді босату бағасы тоннасына 14 700 теңгені құрайды. Бұл – республика бойынша ең төмен баға. Облыс бойынша көмір сатумен айналысатын 8 теміржол түйіқы жұмыс істейді.

Мамандардың апараты бойынша көмір бағасына мониторинг жүргізіліп, заң бұзушылықтар анықталған жағдайда тиісті шаралар қабылданып болады.

Олар тарапынан тұрғындарға жылтыту маусымы басталған шақта көмір тапшылығы болмас үшін жаз айларында көмір сатып алуға кеңес берілуде.

Қазіргі таңда тамыздың 15-і күнгі жағдай бойынша облыс бойынша барлық теміржол түйіқытарында жалпы көлемі 8100 тонна қатты отын бар. Тасымал көлемі алдағы уақыттарда біртіндеп ширатыла беретін болады.

Суретті түсірген автор

МЕЖЕДЕН КӨРІНУГЕ МҮДДЕЛІ



АЙМАҚ

Қосұйым МҰҚАШЕВ,
Атырау

Қазақстанның мұнай-газ саласының негізгі міндеттерінің бірі – кері айдалатын ілеспе газды, әсіресе Теңіз, Қашаған және Қарашығанақ сынды ірі мұнай-газ жобаларындағы газды қайта өңдеу және коммерцияландыру. Осы салада өңірде іске асырылып жатқан жобалар ішінде Теңіз кен орнындағы газдан пропан (полипропилен өндірісі), этан (полиэтилен өндірісі) және бутан (бутадиең өндірісі) өңдеу, сондай-ақ Қашаған кен орнында газ өңдеу зауыттарын салу. Қазіргі таңда Атырау облысында Қарабатандағы арнайы экономикалық аймақ аумағында Теңіз кен орнына жақын жерде орналасқан полипропилен өндіру зауыты салынып, іске қосылды. Полиэтилен жобасын да осында орналастыру жоспарда бар. Ескене газ өндіру зауытының да құрылысы жүріп жатыр. Аталған жүк жөнелтушілер 2025 жылы Қарабатан станциясына 2,5 млн полиэтилен, бутадиең сынды жүк жөнелтуді, сондай-ақ Ескене станциясынан 1,5 млн тонна газ жөнелтуді жоспарлап отыр. Міне, осы жобалар өңірдегі теміржол тасымалына оң әсер етіп, алдағы уақытта Атырау жүк тасымалы бөлімшесі бойынша жүк айналымы көлемі артады деген болжам бар.

Бөлімше үшін биылғы жыл табыссыз емес, екінші тоқсан да нәтижелі болды. Техникалық жоспарға сай жүк түсіру тәулігіне 251 вагон болса, көрсеткіш 280

Еліміздегі өндірістік аймақтың бірі саналатын Атырауда бүгінде бірнеше индустриалды-инновациялық жоба кезең-кезеңімен жүзеге асырылып жатыр. Олардың дені аймақта теміржол арқылы жүк тасымалын арттырумен қатар көлік логистикасын дамытуға ықпал етеді.



вагонға жетіп, меже 111,6%-ға қамтылды. Ал тиелген жүк көлемі 6 млн 900 мың тоннаны құрап, жоспар 113,4 пайыз болып, межеден асып түсті. Өңір теміржолшыларының бұл межені алдағы жартыжылдықта да ұстап тұруға мүмкіндігі бар. Себебі ішкі және экспорттық жүк жоспарының болжамы жоғары. Мәселен, Теңіз станциясы бойынша жүк тасымалдаушы «БатысТрансГрупп» ЖШС-нің жарты жылға қабылдаған міндеттемесі 2 миллион 281 мың тонна, сонда тәулігіне тиелетін жүк көлемі 12,4 мың тонна шамасында болады деп күтілуде. Онда негізінен бензол, параксилол, мазут, кокс, автокөлік бензині, дизель және реактивті отындары, газойл тәрізді мұнай өнімдері тасылады. Ал Қарабатан станциясынан «Теңіз көлік компаниясы» мен «Исткомтранс» ЖШС бірлесіп жүк көлемін 975 мың тоннаға жеткізуді жоспарлап отыр, мұнда орта есеппен тәулігіне 4755 тонна жүк жөнелтіледі. Сол сияқты «Питис Холдинг» ЖШС пропилен дайын өнімін 156861 тонна көлемінде немесе тәулігіне орта есеппен

852 тонна жүк тиеуге мүдделі. Жүкті контейнер арқылы тасымалдайтын «РТС Холдинг» ЖШС болса тәулігіне 852 тонна жүк тиелуін қамтамасыз етпекші. Құлсары станциясынан «Теңізшевройл» ЖШС 2,3 млн тоннадан астам пропан-бутан, мұнай, күкірт тәрізді мұнайдан алынған өнімдерді тиеп, дитеген жеріне жеткізуді көздейді.

Сонымен қатар бөлімшеде сандық технологияға көшу арқасында жүк тасымалының жылдамдығын арттырып, вагондардың бос тұрып қалу уақытын мейлінше қысқарту мақсатында қолданыстағы құрылғылардың басым бөлігін жұмысқа оңтайландырылған. Сол арқылы біршама қаржы үнемделіп, экономикалық тиімділік те артқан – негізгі қызметтен түскен табыс көлемі жарты жылда 37,5 млрд теңгеге жуықтап, былтырғы деңгейден 27,9%-ға жоғарылаған. Сол секілді кейбір жүк жөнелтушілердің тиеуге берілген вагондарды (барлығы 12287) игере алмауы және уақытында төлем жасамауына оларға әкімшілік шара қолданылып, 66 миллион 561 мың теңге көлемінде айыппұл өндірілген.

Суретті түсірген автор

24 САҒАТ – ЖАУЫНГЕРЛІК САПТА



ӨРТ – ТІЛСІЗ ЖАУ

Бүгінгі таңда Арыс өрт сөндіру пойызында 13 адам жұмыс істейді. Мекемеде 1 өрт сөндіру пойызы мен 50 тонналық 2 цистерна және 1 өрт сөндіру көлігі және жеке вагон-гаражы бар. Вагон-гараждың негізгі мақсаты – сыйымдылығы 2,5 тонналық өрт сөндіру көлігін қажетті құрал-жабдығымен қоса платформаға тиеп алады да, пойыз жете алмайтын бұттарыс-қалтарысты аумақтағы жалынды сөндіруге осы көлікті жібереді.

Нұрлыбек ДОСЫБАЙ,
Арыс

Сол сияқты темір жолы жоқ жерде өрт тұтанса, пойыз мейлінше жақын жерге тоқтап, әрі қарай жоғарыда аталған арнайы техниканың көмегіне жүгінеді. Демек, өрт сөндіру пойызы шойын жол шаруашылығына қатысты мекемелерде ғана шыққан өртті сөндірумен ғана айналыспайды. Төтенше жағдай орын алса, кез келген нүктеге жол тартуға дайын.

Өрт сөндіру пойызының бастығы Әлімжан Есқараұлы жұмыс жыл он екі айда 24 сағат жауынгерлік сапта тұратынын айтты.

– Бізде 50 тонналық екі цистернамызды бір сағатта сумен толтырып беретін әлеуетке ие қуатты насостарымыз бен дабыл



қағылған сәтте шұғыл аттанып кетуге сақандай сай жауынгерлік құрамымыз бар. Олардың барлығы қажетті жеке қорғаныс құралдарымен толық қамтамасыз етілген, – дейді өрт сөндіру пойызының бастығы.

Айтуынша, тілсіз жауды тізгіндеудің өз талабы бар. Төтеннен кірісіп, қауіпсіздік және басқа

талап-ережесіз қимылдауға болмайды. Өрт сөндіру пойызының құрамындағы тіркемелі вагонда арнайы насосты станция жұмыс істейді. Мұнда мотопомпа мен электр генераторы, су соруға арналған бірнеше насос пен қосымша құрал-саймандармен қамтылған. Ал пойыз құрамындағы моторлы цех бөлімі 5 тонна көбік пен 20/100



«Гейзер» және 27/100 «ММ» мотопомпасымен жарақтандырылған. Айрықша атап өту керек, осы бөлімде биіктігі 14 метрге дейін жететін үш жақты жарықшамды мұнара мен 96 лампаға дейін ток бере алатын дизельді генератор бар. Батыс аймақтағы су тасқынына байланысты арнайы техникаларды Бадам станциясында

тәулік бойы платформаларға тиеу кезінде аймақтағы теміржолшылардың қызығын көрген. Себебі бұл пойыздың ерекшелігі сол, өзінен орталықтандырылған электрмен жабдықтау жүйесіне қосыла алады және автономды түрде де өзін-өзі электр қуатымен толық қамтамасыз ете алатын мүмкіндікке ие.

Сонымен қатар өрт сөндіру пойызының құрамында кез келген сәтте аса қауіпті химиялық сұйықтықты сорып, қауіпсіз аумаққа айдауға арналған АЕД-104 сорғы құрылысы мен АМП-80-S қосымша қысым беруге арналған насос та есепте тұр. Осындай техникалар мен құрылғыларды бір орталықтан басқарып, қызметін үйлестіретін вагон-штаб – басшылық құрам мен жеке құрамның негізгі кенесі. Өрт кезіндегі іс-әрекет осы жерден басқарылады. Ал жай күндері қызметкерлерге қауіпсіздік шаралары үйретіліп, техникалық шеберлік сабақтары өткізіледі. Өрт сөндірушілерге қажетті апараттық хабарламалар түсіндіріліп, таныстырылады.

Оған қоса, штаб-вагонның бір қанатында демалыс бөлмесі мен ас бөлмесі және жуыну бөлмесі қамтырылған.

Өрт сөндіру пойызын арнайы нұсқаулық бойынша жылына

екі рет тексерістен өткізіп тұру – міндет. Мұндайда вагон пайдалану депосының мамандары алдын ала бекітілген кестеге сай өрт сөндіру пойызымен арнайы сапарға шығып, вагонның жүріс бөлігін майлап, бақылаудан өткізеді.

– Сол сияқты әр тоқсан сайын оқу-жаттығу шарасы да ұйымдастырылып тұрады. Оның біріншісі арнайы тақырып бойынша алдын ала бекітіледі. Мысалы, бірде жолаушылар вагонына қатысты болса, келесіде локомотивтің отқа орануына қатысты іс-қимылдар пысықталады, – дейді өрт сөндіру пойызының бөлім басшысы Ардақ Айтжанов.

Қайбір жылы Шымкент іргесіндегі Текесу станциясында 3 500 тонналық жанармай қоймасы отқа оранғанда, Арыс өрт сөндіру пойызы оқиға орнына алдымен жетіп, тілсіз жаудың бетін қайтаруға кіріскен.

– Өрт алапат болды, біз өрт ошағына жақын орналасқан 14 қойманы суытумен айналыстық. Яғни вагон цистернамен жеткізілген суды қойманың төбесінен үздіксіз себелеп отырдық, – дейді он жылдан бері аталған пойызда еңбек етіп келе жатқан өрт сөндіруші Еркін Жұмбабекұлы.

Суреттерді түсірген автор

ИСКЛЮЧАЯ ВОЗМОЖНОСТЬ ДЕФИЦИТА



АКТУАЛЬНО

В Алматинском регионе дефицита угля не ожидается. Посетив угольные склады на станциях Шамалган и Медеу, можно уверенно утверждать, что запасы угля находятся в достаточном количестве. Это свидетельствует о стабильных поставках и готовности к предстоящему отопительному сезону.

Елена КОЛДАСБАЕВА,
Алматинская область

Потребность угля для населения Алматинской, Жетысуской областей и города Алматы на отопительный сезон 2024-2025 годов составляет 1 375,8 тысячи тонн. Фактически с мая по 19 августа выгружено 99 тысяч тонн. В августе план выгрузки составляет 114,7 тысячи тонн, отгружено 43,5 тысячи тонн, или 41%. Стоит отметить, что в регион уголь поступает с угольных разрезов: Кара-Жыра, Кзыл-Жар, Дегелен. Как рассказали работники склада, закупать уголь приезжают люди из Эмбикшаказского, Жамбылского, Илийского районов.

В Шамалгане план выгрузки – 494 вагона, 34 086 тонн, фактически выгружено 97 вагонов, 6 693 тонны. К примеру, в Шамалгане, в ИП «Калиев», на сегодняшний день в наличии 3 500 тонн шубаркольского угля, цена которого за тонну составляет 19 000 тенге. Аналогичная ситуация сложилась в ИП «Комек Энерго», где идут поставки шубаркольского угля по цене 19 000 тенге. В настоящее время на тупике находится 2 500 тонн угля. В ИП «Алем комир», которое работает по



обеспечению угля для населения, причем в день разгружается по 5-6 вагонов, уголь приходит с разреза Кара-Жыра со станции Дегелен, цена за тонну составляет 18 700 тенге, до конца года намечается прием угля еще 3 500 тонны.

Надо отметить, что шубаркольский уголь имеет ряд преимуществ, которые делают его одним из самых востребованных видов топлива. Он обладает низким содержанием серы и золы, что сильно снижает вредное воздействие на окружающую среду и уменьшает загрязнение воздуха. Кроме того, он легко загорается и долго горит, что делает его удобным в использовании

как для промышленных, так и для бытовых нужд.

На станции Медеу угольные склады обеспечены достаточным количеством угля. Цена за тонну варьируется от 18 700 до 19 500 тенге, что позволяет потребителям выбрать наиболее подходящий вариант в зависимости от своих потребностей и бюджета. Такая ценовая политика и наличие запасов гарантируют стабильность поставок в регионе.

Ежедневно сотрудники отдела логистики и организации перевозок Алматинского отделения грузовых перевозок проводят мониторинг состояния угольных запасов и погрузоч-

